

Respýblikalyq áskeri-saraptamalyq jýrnal



№7(149)
SHILDE 2020 JYL



AIBYNYN





ҚУАТТЫ АРМИЯ – ЕЛ ТІРЕГІ

АІВҮН

Respublikalyq áskeri-saraptamalyq jýrnal

2020



MAZMUNY:

АТАУЛЫ КҮН

**ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУ
ӘСКЕРЛЕРІНЕ – 20 ЖЫЛ.....6**

ОБЗОР

ИГРЫ СТАЛИ И ПОРОХА.....10

ӘУЕ ШАБУЫЛЫНА ҚАРСЫ ҚОРҒАНЫС
ӘСКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

АЛАШ АСПАНЫНЫҢ АЙБЫНЫ.....20

6 ШІЛДЕ – ЕЛОРДА КҮНІ

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ АСТАНА.....24

ИНТЕРВЬЮ СО ЗВЕЗДОЙ

**БЕРКУТ: «ХОЧУ, ЧТОБЫ МОИ СЫНОВЬЯ
ОТСЛУЖИЛИ В АРМИИ».....30**

ТҰЛҒА

СОҒЫС – ӨЛІМ

МЕН ӨМІРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ

ҚЫЛ КӨПІР.....32

ПАМЯТЬ

ПОМОЧЬ ВЕРНУТЬСЯ ДОМОЙ.....34



4



10



20



30



АІВҮН

Respublikalyq әскери-saraptamalyq jyrnal

БАС РЕДАКТОР
Батырхан Қуатбек

КРЕАТИВТІК ДИРЕКТОР
Тимур Кубеков

БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ
Тимур Аубакиров

БӨЛІМ МЕНҒЕРУШІСІ
Ерлібай Қадырбай

ДИЗАЙНЕР
Сисенбердиева Зулфия

ТІЛШІЛЕР
Алия Майсеитова
Меруерт Сафаева
Нариман Дюсенов
Рима Әбеуова

ФОТОТІЛШІ
Ағыбай Аяпбергенов

E-MAIL: info@sarbaz.kz

МЕНШІК ИЕСІ:

«Әскери ГАЖ Медиа» ЖШС
Қазақстан Республикасы,
010000, Нұр-Сұлтан қаласы,
Есіл ауданы, Комсомол тұрғын алабы,
Домалақ ана көшесі, 11 үй.
Тел. 8 (7172) 48-19-60

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігінің
тапсырысы бойынша
шығарылады

Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды
және авторларға қайтарылмайды.

Журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және
даму министрлігінде тіркеліп, 2015 жылғы 30 сәуірде
№5341-Ж куәлігі берілген
Шығуы ай сайын. Бағасы еркін.
Таралымы 1132 дана. Тапсырыс №8

ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІНІҢ ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті Десанттық-шабуылдау әскерлерінің офицерлері, сержанттары мен сарбаздары!

Сіздерді кәсіби мереке – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Десанттық-шабуылдау әскерлерінің құрылған күніне 20 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Басты міндеті мемлекеттің ұлттық мүддесін қорғау болып табылатын десанттық-шабуылдау әскерлері әскери антқа адал екендігін дәлелдей отырып, жігерлі де қажырлы еңбектің арқасында өз міндеттерін мүлтіксіз орындап, Отанымыздың сенімді қалқанына айналды. Сіздер армия мақтанышы, ұлттық қорғаныс жүйесінің ең маңызды бөлігі, ең білікті, шебер мамандардың бірі болып табыласыздар. Сіздер әскери және саяси жағдайдың күрт өзгеруі кезінде дағдарысты жедел шешуге әрқашан дайынсыздар.

Десантшы жауынгерлер жас буынның патриоттық сезімін арттырумен, еліміздің даңқты батырларының дәстүрін құрметтей отырып, оны абыроймен жалғастыруда. Сіздерге зор денсаулық, мол бақыт, отбасы амандығын және еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан қызметтеріңізге табыс тілеймін.

**Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі
генерал-лейтенант
Нұрлан ЕРМЕКБАЕВ**





ДЕСАНТТЫҚ-ШАБУЫЛДАУ ӘСКЕРЛЕРІНЕ –20 ЖЫЛ

Десантшы – ол ерік пен жігерді, мінезді, тәуекелге бара алатын батыл қасиеттерді бойына шоғырландыра білген күш иесі, ол ерліктің жоғарғы мектебі, бірінші дәрежедегі батырлық, нөмірі «бірінші» жауынгерлік әзірлік. Өмірдің шынайы бағасын десантшы ғана біледі. Өйткені ол өзгелерге қарағанда өліммен жиі бетпе-бет келеді.

Орта Азияның нақ кіндігінде орналасқан қазақтың салқам сахарасында өткен небір қиян-кескі ұрыстарда, жан алысып жан берісіп, етігімен қан кеше жүріп біздің бабаларымыз осынау кең байтақ даламызды көзінің қарашығындай сақтап, бізге аманат етіп қалдырды.

Еліміз егемендік алып, азаттықтың ақ таңы атқаннан кейін, жеріміздің шетін жау баспас үшін, еліміздің тыныштығы қашпас үшін, ең алдымен Қарулы Күштерді құру қажеттілігі туды. Сол кезеңдерде Қазақстан аумағында Кеңес Одағынан қалған әскери гарнизондар мен қару-жарақтарды, әскери техникаларды шашау шығармай, басын біріктіріп, Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың көреген саясатымен 1992 жылғы 7 мамырда Қазақстанның төл әскерін құру туралы Жарлығы шықты. Кейінгі мәселелердің бірі әскерімізді жетілдіру, оның ұтқырлығы мен кәсібилігін арттыру, заманауи қару-жарақпен жарақтандыру еді.

Осы орайда Н.Ә.Назарбаев «XXI ғасыр армиясының жауынгерлік қуаты оның санымен емес, жеке құрамының жоғары дайындығымен, техникалық жабдықталуымен, сыртқы қауіптерге сенімді қарсы тұра білу қабілетімен айқындалады» деп баса айтқан болатын.

Осындай қажеттіліктердің негізінде еге-

мен еліміздің азаттығы мен жеріміздің тұтастығын қорғауға жауап беретін ұтқыр әрі шапшаң қимылдайтын, саны аз болғанымен, сапасы сын көтерер, Жоғарғы Бас қолбасшының резерв әскерлері болып табылатын әскер түрін құру идеясы туындады. Көп ұзамай Қазақстанның Ұтқыр күштері Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 6 шілдедегі №417 Жарлығына сәйкес 35 десанттық-шабуылдау бригадасының базасында құрылды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2003 жылғы директивасының негізінде Қарулы Күштеріміздің Ұтқыр күштері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Аэроұтқыр әскерлері болып өзгертілді.

Аэроұтқыр әскерлері дегеніміз әскери бөлімдер мен құрамалардан тұратын Қарулы Күштеріміздің ұрысқа әзірлігі жағынан барынша жетілдірілген, жинақы әскер түрлері болып табылады.

Әскери істе тамаша табыстарға жету үшін оны дұрыс басқару қажет. Алдағы жұмыстарды жоспарлау, әскерлердің күнделікті өмірін қадағалап отыру қолбасшылық пен Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы басқармасына жүктелген. Өзінің тарихи кезеңдерінде,

қолбасшылық пен Десанттық-шабуылдау әскерлерінің басқармасы үлкен абыройға ие болып, халық пен армияның сүйіспеншілігіне бөленді. Бұл ерекше абырой мен атақ – қолбасшылардың орасан зор еңбегінің арқасы.

Ұтқыр әскерлерінің құрылуы кезінде қолбасшылық еткен генерал-майор Еламанов Уәли Бисақанұлына Елбасы – ҚР Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы 2001 жылы 7 мамырда Ұтқыр күштерінің Жауынгерлік туын табыс етті. Содан бастап үш жыл қатарынан қолбасшылық еткен Уәли Бисақанұлының тұсында Ұтқыр күштері көптеген өңірлік, халықаралық, бітімгерлік оқу-жаттығуларға қатысып, мықты әскердің құрылғандығын дәлелдеді.

Атап айтсақ, Германия Республикасының аумағында өткен «Өңірлік ынтымақтастық – 2001» халықаралық оқу-жаттығуына, сол жылы Украина жерінде өткен «Әлем қорғаны – 2001» және 2002 жылы Ресей Федерациясында өткен қос бірдей Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа мүше мемлекеттердің бірлескен әскери оқу-жаттығулары «Әлем теңізі – 2002» және «Ынтымақтастықтың оңтүстік қорғаны – 2002» атты оқу-жаттығуларына қатысып, тәжірибе алысты.

Сонымен қатар, 2003 жылы қазіргі таңға



дейін әлемнің алпауыт елдерінің Қарулы Күштері бақ сынайтын, тәжірибе алмасатын ірі оқу-жаттығулардың бірі «Дала қыраны – 2003» халықаралық оқу-жаттығуына қатысты. Онда Ұтқыр күштерінің әскери қызметшілері Ұлыбритания және АҚШ әскери қызметшілерімен жауынгерлік машықтарын дамытты.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі дәрежесіне дейін жетіп, Аэроұтқыр әскерлерінің ғана емес, жалпы Қарулы Күштеріміздің дамуына орасан зор үлес қосқан генерал-полковник Жасұзақов Сәкен Әділханұлы екінші қолбасшы ретінде Ұтқыр күштерінің тізгінін өз қолына алды және бұл қолбасшының тұсында Ұтқыр күштері Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Аэроұтқыр әскерлері атауына ауыстырылды. 2005 жылы 4 мамырда Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Сәкен Әділханұлына ҚР ҚК Аэроұтқыр әскерлерінің Жауынгерлік туын табыс етті.

Алдыңғы қолбасшылардың ізін жалғаған генерал-лейтенант Майкеев Мұрат Жәлелұлы, генерал-лейтенант Алдабергенов Әділбек Қалибекұлы, генерал-майор Оспанов Дәулет Рысқұлбекұлы, генерал-майор Джумакеев Алмаз Дженишұлы және генерал-майор Қарақұлов Қайдар Самигұлұлы секілді қолбасшылардың кезінде де Аэроұтқыр әскерлері өзінің жауынгерлік дағдылары мен машықтарын дамытып, өзге елдердің Қарулы Күштерімен әскери оқу-жаттығуларда тәжірибе алмасты, буыны бекіп, бұғанасы қатайды.

Айта кететіні, генерал-майор Джумакеев Алмаз Дженишұлының қолбасшылық

етуі кезінде десантшылардың армандаған төл атаулары қайтарылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысына сәйкес және Қорғаныс министрінің бұйрығымен 2017 жылдың 17 наурызында Аэроұтқыр әскерлері ҚР ҚК ҚӘ Десанттық-шабуылдау әскерлері атауына біржола көшті. Әрине, Десанттық-шабуылдау әскерлері атауын иемдену жеке құрамның қуанышын еселеп, оған ерекше серпін мен рух берді.

Қазіргі таңда, Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы – генерал-майор Абубакиров Қаныш Асанханұлы. Көк тарландарының қатарында қызмет етуді армандаған ол қызметтік жолын десантшылардың тал бесігі саналатын Қапшағай гарнизонында бастап, қолбасшы шеніне дейін қызметтік жылдарының басым бөлігін осы әскер түрінде өткерген. 2019 жылдың мамыр айында генерал-майор Қаныш Асанханұлы Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы қызметіне тағайындалды. Жеке құрамның жауынгерлік дайындығына, парашютпен секіру әзірлігіне және дене дайындығына баса назар аударатын қолбасшы әрбір жаттығуда десантшыларға өзі бастап үлгі көрсетеді.

Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қарамағына Алматы, Талдықорған, Жаркент, Сарыөзек және Қапшағай гарнизондарынан құрылу кезінде көзделген жауынгерлік тапсырмалары алуан түрлі 14 әскери бөлім қарайды.

Кез келген десантшының абыройын асқақтатып, өзі қызмет ететін әскерін мақтан тұтатыны тегін жағдай емес. Сон-

да басқа әскер түрлерінен бұл әскердің айырмашылығы неде дейсіз ғой?! Таратып айтайын!

Біріншіден, десантшы – ол ерік пен жігерді, мінезді, тәуекелге бара алатын батыл қасиеттерді бойына шоғырландыра білген күш иесі, ол – ерліктің жоғарғы мектебі, бірінші дәрежедегі батырлық, нөмірі «бірінші» жауынгерлік әзірлік. Өмірдің шынайы бағасын десантшы ғана біледі. Өйткені ол өзгелерге қарағанда өліммен жиі бетпе-бет келеді. Олай дейтінім, десантшыны десантшы ететін нәрсе – оның көктен өзін-өзі жанқиярлықпен тастауы, парашютпен секіруі. Парашютпен секіру десантшылардың жауынгерлік дайындығының негізі болып табылады. Оның мақсаты – қарсыластың тылында жауынгерлік міндеттерді орындау үшін жеке құрамның, қару-жарақ пен әскери техниканың тұрақты түрде даярлығын қамтамасыз ету.

Әрбір десантшыға парашютпен секіруді жүзеге асырғаннан кейін көгілдір береттер мен жолақ жейде табыс етіледі. Бұл мәртебе оның нағыз десантшы екендігін айқындайды.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде алғаш рет парашютпен секіру 1993 жылы Қапшағай қаласындағы 35 жеке гвардиялық десанттық-шабуылдау бригадасында орын алды. Онда десантшылар МИ-8 тікұшағынан секірді. Сондықтан да, Қапшағай өлкесін «десантшылардың тал бесігі» деп атайды. Ал, 1994 жылы десантшылар АН-72 ұшағынан секіре бастады.

2012 жылы ҚР ҚК ҚӘ Десанттық-шабуылдау әскерлерінің жеке құрамы түнде МИ-17 тікұшағынан және АН-72 ұшағынан 3300-ге жуық парашютпен секірулерін орындады.

Ал, 2013 жылы Десанттық-шабуылдау әскерлерінің барлау бөлімшелері Д-6 сериядағы 4, «Кентавр», «Беркут-2» парашют түрлерімен су бетіне 800-ге жуық секірулерін орындады.

Қазіргі таңда, Десанттық-шабуылдау әскерлерінің жауынгерлік даярлық жоспарына сәйкес осы әскер түрінде мерзімді қызметтерін өткеретін әскери қызметшілерді қоса алғанда 3000-ға жуық десантшы алғаш парашютпен секірулерін орындап, нағыз десантшы атанады.

Парашютпен секірулерін үнемі жеке құраммен бірге орындайтын Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қазіргі қолбасшысы генерал-майор Абубакиров Қаныш Асанханұлы: «Көк жүзінде бәріміз теңбіз. Ол қатардағы жауынгер мен генералды бөліп-жарып жатпайды. Сондықтан әрбір парашютпен секіруімді жеке құраммен жасағанды ұнатамын. Біз олардан қойылған тапсырманың орындалуын қанша талап еткенімізбен, олардың көзіндегі жалынды, әскери іске, патриоттыққа деген сезімді өзіміз үлгі болу арқылы ғана жаға аламыз», - дейді ол.

Қазақстан десантының құрамына сайдың тасындай іріктелген, сын мен сынақтардан сүрінбей өткен азаматтар сұрыпталып алынады. Қазақстан Республикасы Президентінің резерві болып табылатын элиталы әскерде қызмет ету, десантшылардың қатарына қабылдану оңай шаруа емес.

Десанттық-шабуылдау әскерлеріне қызмет етуге ниет білдірген азамат келесі сынақтардан сүрінбей өтуі тиіс:

Біріншіден, жан-жақты психологиялық іріктеуден, жергілікті әскери басқару органдарында тереңдетілген әскери тексеруден өтеді. Өйткені, дене дайындығының мықты болуы және әуе-десанттық дайындығынан мүдірмей өтуі үшін десантшылар қатарына қабылданатын кез келген азаматтың денсаулығының мықты болуы маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, Десанттық-шабуылдау әскерлерінде қызмет етуі үшін ниеттің ғана болуы жеткіліксіз. Сонымен қатар, әрбір десантшының бойында төтенше жағдайларда өз бетімен шешім қабылдай алатындай өжеттілік, сенімділік, Отан алдында жанқиярлықпен қызмет етуге деген

адалдық қасиеттері болуы міндетті.

Сонымен қатар, үміткерлерді іріктеу барысында олардың интеллектуалдық қабілеттеріне де аса мән беріледі. Өйткені қазіргі заманғы қару-жарақ пен әскери техника түрлері компьютерлік және өзге де технологиялар бағытында белгілі бір білімнің болуын талап етеді.

Бір қызығы, темірдей қатал тәртібі мен кез келген мықтының әуселесін сынға алатын талабы бар әскерде ерлермен қатар әйелдер де қызмет атқарады. Әскери қызметтегі нәзік жандыларға жеңілдіктер жоқ. Олар ерлермен бір сапта кез келген төтенше тапсырмаларды орындайды, парашютпен секіріп, қоян-қолтық ұрыс түрлерін меңгереді және халықаралық, бітімгерлік және өңірлік оқу-жаттығуларға қатысады.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Құрлық әскерлерінің Десанттық-шабуылдау әскерлерінде 1000-ға тарта қазақстандық әскери қызметші әйелдер қызмет атқарады. Оның 100-ге жуығы офицер болса, қалғандары – келісімшарт бойынша әскери қызметшілер.

Сонымен қатар, Қазақстаннан тұңғыш бітімгерлік міндеттерін атқаруға аттанған әскери қызметшілер де – десантшылар. 2003 жылдан бастап 2008 жыл аралығында Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қазақстандық бітімгерлік полкынан инженерлік-саперлік жасақ Иракта Коалицияның тұрақтандырылған күштері құрамында бітімгерлік міндеттерін орындады.

Жалпы, миссия барысында 9 ротация жіберіліп, саны 300-ден астам Қарулы Күштеріміздің әскери қызметшілері қатысты. Бітімгерлік міндеттерді орындауды бастағаннан, біздің бітімгерлер 4 миллионнан астам жарылғыш заттарды залалсыздандырып, 7 мың куб метр ауызсуды тазартты. Ирак елінің қауіпсіздік күштері үшін жарылғыш заттарды жою үшін 500-ден астам арнайы маман әзірленіп, оның ішінде 70-тей маман далалық су жабдығына дайындалды. Саперлер жасағының дәрігерлері 5 мыңнан астам жергілікті тұрғынға, көбінесе аналар мен балаларға медициналық көмек көрсетті.

Ирак басшылығы ешқандай қиындыққа қарамай, өздерінің одақтық міндеттеріне адал болған және «Иракты азат ету» операцияларына қатысып, көрсеткен ерліктері үшін қазақстандық бітімгерлерге алғыстарын білдірді.

Ирак елінің Эс-Сувейра қаласының

маңында қазақстандық және украиндық бітімгерлері оқ-дәрілерді жою операцияларын орындау барысында өздігінен жарылыс болып, қазақстандық бітімгер ерлікпен қаза тапты. Ол капитан Қайрат Құдабаев еді. Жарылыс маңына бәрінен жақын тұрған офицер көп ойланбастан, оқ-дәріні денесімен жауып, ерлікпен қаза тапты және I дәрежелі «Айбын» орденімен наградталды.

Қазіргі таңда Қайрат Құдабаевтың құрметіне Қапшағай қаласының жабық әскери қалашығында және Б.Момышұлы атындағы «Жас ұлан» республикалық әскери-мектебінде мемориалдық тақта орнатылып, Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Орталық мұражайында мемориал қойылды.

Осылайша, бітімгерлік міндеттерін орындау барысында қазақстандық десантшылардың екеуі – I дәрежелі «Айбын» орденімен, он бесі – II дәрежелі «Айбын» орденімен, сегіз әскери қызметші – III дәрежелі «Айбын» орденімен және 60-қа жуық десантшы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен наградталды.

Бұл бітімгерлердің өзге елде атқарған алғашқы міндеттері болғанымен, соңғысы болмады. 2018 жылдан бастап қазақстандық бітімгерлер «Үндібат» үнді батальонының құрамында «Ливандағы БҰҰ уақытша күштері» бітімгерлік миссияларына қатыса бастады. Қазіргі уақытқа дейін жіберілген 3 бітімгерлік ротасы өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен орындап, туған жерге оралды. Келесі кезекте, 4-бітімгерлік ротасы аттануға даярлық үстінде.

Әрине, өзге елде Қарулы Күштеріміздің бет-бейнесін танытатын әскери қызметшілерді іріктеуде де өте үлкен талаптар қойылады. Сырт келбеті мен дене дайындығының жоғары болуынан бөлек, қиын жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алатын, шапшаң, жауынгерлік білімі мен білігі мығым, ағылшын тілін жетік меңгерген десантшылар таңдап алынады. Олар, Ливан елінде алты ай бойы Ливан мен Израиль шекарасындағы «Көк жолақта» 16 шақырымдық жерді патрульдейді, Ливандағы күнделікті жағдайды нақтылап, блок-бекеттерде қызмет атқарып, әскери базаларды күзетеді. Қазақстандық бітімгерлер онда «Үндібат» үнді батальонының құрамында болатындықтан, Ливанға жіберілмес бұрын Үндістан Республикасының Нью-Дели қаласында дайындық курстарынан өтеді.



Сонымен қатар, қазақстандық бітімгерлік полкінің десантшылары халықаралық «Дала қыраны» және «Мызғымас бауырластық» оқу-жаттығуларына қатысады. Онда олар Англия, Германия, Италия, Ресей, АҚШ, Түркия, Франция және өзге де елдердің Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерімен бірлесе отырып, өздерінің кәсіби біліктіліктерін арттырып, бітімгерлік саласындағы тәжірибелерімен бөліседі.

«Бітімгерлер – бұл тек қорғаушылар ғана емес, жасампаздар. Олардың міндеттеріне әлемдегі түрлі дағдарысты жағдайларды шешу, бейбітшілікті қолдау және жойқын қақтығыстардан кейін елді қалпына келтіру міндеттері кіреді. Осы тұста, біздің бітімгерлер өздеріне жүктелген міндеттерді абыроймен орындап, Қарулы Күштеріміздің беделін жат елде жоғары дәрежеде көрсетіп келеді», - дейді Десанттық-шабуылдау әскерлерінің қолбасшысы генерал-майор Абубакиров Қаныш Асанханұлы.

Тағы да десантшылар бақ сынайтын халықаралық сайыстардың бірегейі – Халықаралық армия ойындары. Бұл ойындар шеңберінде өткізілген түрлі конкурстарда біздің десантшылар жыл сайын жүлделі орындарға ие болып келеді. Оның ішінде, әуе-десанттық әскерлері бөлімшелерінің халықаралық кешенді сайысы болып табылатын «Десанттық взвод» конкурсы қазақстандық және шетелдік десантшылардың мықтылығын дәлелдейтін тартысты дода болып саналады.

Атап айтсақ, 2016 жылы Ресей Федерациясының Новороссийск қаласында өткізілген «Десанттық взвод» конкурсында, 8 мемлекеттен қатысқан қатысушылардың арасында ҚР ҚК командасы 2-орынды иеленді.

2017 жылы «Десанттық взвод» халықаралық конкурсы Қытай Халық Республикасының Гуаньшуй қаласында өткізілді. Бұл жолы 7 мемлекеттен қатысқан командалар арасында ҚР ҚК 2-орынды иеленді.

2019 жылы «Десанттық взвод» халықаралық конкурсы РФ Псков қаласында өтті. Әлемнің 21 мемлекетінен қатысқан командалар арасында ҚР ҚК 5-орынға табан тіреді.

Десанттық-шабуылдау әскерлерінен шыққан батырлар мұнымен шектелмек емес. Тәуелсіз елдің Халық қаһарманы подполковник Жұмаділов Азамат Тілеуханұлынан бастау алған батырлар шеруі қара халықтың қажетіне жарап келеді және сол әрекеттері үшін Жоғары Бас қолбасшы мен Қорғаныс министрінің қолынан жоғары наградаларға ие болды.

Алматы гарнизонында Десанттық-шабуылдау әскерлерінің жергілікті бригадасында қызмет атқаратын кіші сержант Әлеуханов Ғалымжан Меирханұлы 2017 жылы шілденің 28 күні Алматы қаласындағы «Көкжиек» ықшамауданында көпқабатты пәтерлерден екі баланы өрттен аман алып шығып, ата-анасының қолына тапсырып «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды және оның есімі «Рухани жаңғыру» жобасы бойынша Қазақстанның 100 жаңа есімі қатарына енді.

Сонымен қатар, былтырғы жылы еліміз есеңгіреткен Арыстағы жарылыста да елім дегенде кең жүрегі мен мықты білегі дайын тұратын десантшылар қарапайым халықтың жанынан табылды. Жарылыс салдарын жою, жарылмаған оқ-дәрілерді залалсыздандыру, қарапайым халыққа моральдық тұрғыда қолдау көрсету барысында инженерлік-саперлік полкі жеке құрамының атқарған қызметі орасан

зор болды. Жүктелген міндеттерді аса жоғары жауапкершілікпен орындағаны үшін бірқатар әскери қызметшілер «Жауынгерлік ерлігі үшін» медальдарымен марапатталды.

Бір елді емес, бүкіл әлемді шарпыған індетте еліміз алғаш рет енгізілген төтенше жағдайға тап келді. Осы тұста Қарулы Күштеріміздің халқымыздың қауіпсіздігі жолында атқарған қызметі орасан зор. Оның ішінде, Десанттық-шабуылдау әскерлерінен 2000-ға жуық десантшы Алматы қаласына дезинфекциялау мен санитарлық өңдеу жұмыстарын жүргізді. Қала маңына қойылған тосқауыл бекеттерінде Ливан елінде БҰҰ бітімгерлік міндеттерін орындаған бітімгерлер де қызмет атқарды. Сонымен қатар, десантшылар барлық құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, қаланы патрульдеуге қатысып, қарапайым тұрғындармен вирустан сақтану шаралары бойынша нұсқаулықтармен таныстыру жұмыстарын жүргізді. Сондай-ақ, 300-ден астам десантшы Нұр-Сұлтан мен Орал қалаларында төтенше жағдайға байланысты жүргізілген іс-шараларға белсенді түрде атсалысты.

Міне, бүгін Қазақстан Республикасы Президентінің резерві болып табылатын Десанттық-шабуылдау әскерлерінің құрылғанына 20 жыл толып отыр. Олар 20 жыл ішінде талай белестерді бағындырып, асулардан асты. Азуын айға білеген алпауыт елдермен тәжірибе алмасып, Қарулы Күштеріміздің оң беделін қалыптастырды. Қазақстан Қарулы Күштерінің элиталы әскерлері дәрежесін жоғары деңгейде көрсетті. «Бізден басқа ешкім емес» деп ұрандатқан көк тарландары кез келген тартысты додада көшбасшылық қасиеттерін жоғалтпады. «Десантшылар – бір-біріне бауырлар» деп қиын тұста қарулас досына демеу болып, бір үйдің балаларындай қамқор болып келеді. Осы қасиеттері оларды бірлікке, ынтымаққа шақырып, әрдайым биіктен көрінулеріне жол ашады.

Десанттық-шабуылдау әскерлерін, оның айбынды жауынгерлерін мерейлі мерекелерімен құттықтап, жеткен биіктерінен аласармай, тек тәуелсіз елдің бағына қызмет ете берсін деп тілейміз.

**Лейтенант
Полатбек Гүлмира НҰРБЕКҚЫЗЫ**
Десанттық-шабуылдау әскерлері

Архивтен алынған суреттер

ИГРЫ СТАЛИ И ПОРОХА



Армейское мастерство требует усиленных тренировок. Каждый день военнослужащие оттачивают свои навыки на суше, в небе и на море. Именно от подготовленности, слаженности, боевого настроения зависит боеспособность Вооруженных Сил любого суверенного государства. С целью проверки боеспособности отдельных видов и родов войск были организованы Армейские международные игры. Эти соревнования также способствуют укреплению дружеских отношений между странами-участницами

АрМИ-2015

Впервые Армейские международные игры прошли с 1 по 15 августа 2015 года в Российской Федерации. В программу игр было внесено 14 армейских конкурсов, прошедших на 11 армейских полигонах России. В соревнованиях приняли участие 57 различных подразделений из 17 стран. За играми наблюдали десятки международных наблюдателей из 16 стран мира. В течение двух недель военнослужащие боролись за звание стать асами армейского дела в различных военных конкурсах.

«Танковый биатлон» – дисциплина, связанная с обычным биатлоном, то есть экипажи так же, как и в привычном всем биатлоне, участвуют в гонках со стрельбой на время. В соревнованиях по танковому биатлону, проходивших на полигоне «Алабино», приняли участие подразделения из 13 государств. Большинство экипажей принимало участие в соревнованиях на танках российского производства Т-72Б3. В свою очередь военнослужащие из Китая использовали танки собственного производства под названием Туре-96А.

В соревнованиях по танковому биатло-

ну принимали участие 4 экипажа от каждой команды (5-й экипаж был запасным) и два тренера на команду.

По итогам соревнований казахстанская команда остановилась в шаге от призовой тройки. Первое место заняла команда танкистов из России, серебряные медали на счету у сборной Китая, бронзовые медали – у сербской команды.

На полигоне «Алабино» проходили и соревнования мотострелковых подразделений на боевых машинах пехоты «Суворовский натиск». В течение нескольких дней экипажи соревновались в управлении БМП в сложных условиях, а также в меткости из различных положений. Команды вели борьбу за трофей на боевых машинах БМП-2.

Соревнования «Мастера артиллерийского огня» проходили на полигоне «Широкий Карамыш» (Саратовская область). На полигоне был оборудован маршрут длиной 4 км с препятствиями (водная преграда, кособор высотой 2,9 м, песчаный участок, курган высотой 6,7 м). Турнир был завершён победой российского подразделения, «серебро» получила команда Китая, «бронза» – в активе белорусских военнослужащих.

В конкурсе «Авиадартс», проходившем





на полигоне «Дубровичи» (Рязанская область), принимала участие команда из Казахстана. Помимо отечественного экипажа, в соревнованиях состязались команды Беларуси, Китая и Российской Федерации. Всего в соревнованиях приняли участие около 100 летчиков. Кроме того, было задействовано 12 различных типов самолетов и вертолетов.

«Кубок Каспия» - конкурс, в котором принимали участие страны Каспийского бассейна (Российская Федерация, Азербайджан и Казахстан). Экипажи надводных кораблей демонстрировали морскую выучку и сражались за первый приз.

Международные армейские игры 2015 года были уникальными в своем роде. Помимо перечисленных конкурсов за медали в своих дисциплинах боролись разведчики, военные инженеры и даже повара. Последние соревновались в кулинарных способностях (участники из 12 стран).

По итогам первых Армейских международных игр, ставших своего рода Олимпийскими играми для военнослужащих, первое место заняла сборная команда Вооруженных сил РФ (445 золотых и 11 серебряных медалей). Почетное второе место на счету Национально-освободительной армии Китая (12 золотых, 340 серебряных, 35 бронзовых наград). На третьей строчке расположилась команда военнослужащих армии Беларуси (3 золотых, 50 серебряных, 249 бронзовых медалей).

АрМИ-2016

Международные армейские состязания АрМИ-2016 стали поистине триумфальными для отечественных военнослужащих. Команда Вооруженных Сил Республики Казахстан заняла второе общекомандное место, пропустив вперед сборную ВС России и оставив позади команду Китая. Команда Казахстана была на тех играх одной из самых представительных по числу участников, охватив 21 военную дисциплину из 23. В соревнованиях участвовали казахстанские танкисты, летчики, кинологи, моряки, инженеры, водители, специалисты радиационной, химической и биологической защиты, снайперы, военные врачи и повара.

В общей сложности в играх принимали участие военнослужащие из 19 стран Азии, Африки, Европы и Латинской Америки. Было увеличено и количество конкурсов (с 14 до 23 дисциплин). Данные армейские игры стали новым символом международного военного сотрудничества, а также символом мировой дружбы и солидарности.

Честь нашей страны на 19 военных полигонах, в море и небе защищали 600 военнослужащих. Безусловно, все они принесли признание боеспособности нашей армии на международной арене. В итоге со вторыми общекомандными местами домой вернулись военные моряки – конкурс

«Кубок моря», кинологи – конкурс «Верный друг», участники «Десантного взвода» и «Инженерной формулы». В числе лучших также участники конкурса «Танковый биатлон», «Эльбрусское кольцо», «Рембат», «Мастер-оружейник», «Полевая кухня» и «Мастера автобронетанковой техники», занявшие в этих дисциплинах призовые места.

Одним из самых запоминающихся моментов стало признание капитана Бауржана Мукушева лучшим кинологом, набравшим в индивидуальном зачете 96 баллов.

Уникальным событием стало и то, что впервые на территории нашей страны прошли два конкурса из программы игр-2016 – «Мастер артиллерийского огня» и «Снайперский рубеж». Абсолютными победителями двух конкурсов стали военнослужащие Казахстана. Впервые этапы данных соревнований проводили в ночное время и при использовании приборов ночного видения отечественного производства «КАЕ». Кроме того, за ходом соревнований казахстанские зрители могли следить в прямом эфире на сайте Министерства обороны, которое организовало прямую трансляцию. Отметим также, что по итогам соревнований был отмечен высокий уровень судейства конкурсов. Данный факт существенно способствовал поддержанию конкурентной борьбы между военнослужащими.



АрМИ-2017

В программу АрМИ-2017 были добавлены ралли на бронированных автомашинах, конкурс БПЛА, а также специальный конкурс для женщин-военнослужащих - многоборье. В играх приняло участие 4500 военнослужащих из 28 стран мира. На этот раз игры проходили на территории пяти государств: России, Азербайджана, Казахстана, Беларуси и Китая. На территории нашей страны прошли три конкурса: «Мастера артиллерийского огня», «Снайперский рубеж» и «Соревнования расчетов беспилотных летательных аппаратов».

Триумфально для казахстанских танкистов завершился финальный заезд в конкурсе «Танковый биатлон», где воен-



нослужащие заняли второе место, показав высокий профессионализм в управлении танком Т-72. Кроме того, стоит отметить победу старшего сержанта Орынбека Сандыбекова, который стал безоговорочным чемпионом главной номинации конкурса «Воин содружества».

Безоговорочной победой для военнослужащих из Казахстана стала победа в конкурсах «Мастера артиллерийского огня» и «Снайперский рубеж». Благодаря слаженным действиям команды и отличной тактической и боевой выучке нашим защитникам Родины удалось обойти серьезных соперников из самых сильных армий мира. По итогам конкурса «Снайперский рубеж» лучшим снайпером был признан млад-





ший сержант Нурсултан Бектораз. Лучшей снайперской парой судьи признали младшего сержанта Максата Шиналиева и старшего сержанта Ерганата Кудобекова.

По итогам Международных армейских игр АрМИ-2017 сборная команда ВС Казахстана заняла общекомандное третье место. В активе отечественных военнослужащих - 15 наград: 3 золотые, 7 серебряных и 5 бронзовых.



АрМИ-2018

С каждым годом число участников Армейских международных игр неуклонно растет. Также расширяется и география стран-участниц. Так, число военнослужащих, принимавших участие в играх в 2018-м, составило 5000 человек из 32 стран мира. Игры проходили на территории семи стран, в том числе и в Казахстане. Сборная команда отечественных военнослужащих заняла почетное третье место,

пропустив вперед две мощнейшие армии КНР и России. Учитывая число стран-участниц, а также высокую степень конкуренции данный результат можно считать успешным.

На территории нашей страны было организовано три конкурса: «Мастера артиллерийского огня», «Соколиная охота», «Уверенный прием». Соревнования проходили на полигоне в Отаре (Жамбылская область). Побороться за звание лучших на юг страны приехало около 300 военнослу-

жащих из 12 стран мира. К примеру, в конкурсе «Мастера артиллерийского огня» приняло участие 11 команд, в конкурсе связистов «Уверенный прием» - 3 команды и в конкурсе «Соколиная охота» - 4 команды. Во всех конкурсах, проходивших на территории Казахстана, наши военнослужащие заняли первое место с большим отрывом, показав отличную боевую выучку. Кроме того, казахстанская команда стала лучшей в конкурсе «Воин содружества», проходившем в Армении.



Отличными результатами могут похвастаться отечественные снайперы, занявшие второе место в конкурсе «Снайперский рубеж». В соревнованиях принимали участие 66 снайперов, в авангарде которых были военнослужащие из Казахстана.

На всех этапах конкурса «Мастер-оружейник» команда из Казахстана показала ровный результат, не допуская ошибок. Как итог наши военнослужащие были удостоены серебряных медалей. Высокую выучку и слаженность показали казахстанские моряки, участвуя в конкурсе «Кубок моря». В соревновании, в котором за этот самый кубок сражались экипажи военных

кораблей, наши моряки завоевали серебряные награды.

Бронзовыми призерами отечественные военнослужащие стали в конкурсах «Эльбрусское кольцо», «Авиадартс» и «Полевая кухня», где отличились казахстанские повара и пекари. По условиям одного из заданий конкурса повара должны были приготовить национальное блюдо своей страны. Команда из Казахстана представила на суд жюри мясо по-казахски с кониной, а команда из Израиля приготовила блюдо из необычного продукта, изобретенного в Израиле, мучного риса «бенгуриона».

В «Танковом биатлоне» отечественные

танкисты на двух этапах, предшествовавших финалу, показали отличные результаты, однако заняли четвертое место, не сумев таким образом попасть тройку призеров.

Подводя итог выступления команды ВС Казахстана, отметим, что наши военнослужащие показали достойные результаты. Были учтены все недостатки по материально-технической базе, боеприпасам.

Всего по итогам соревнований было побито больше 50 различных мировых рекордов. Соревнования обеспечивали более 150 переводчиков различных языков (с русского, арабского, португальского, английского и китайского).



АрМИ-2019

В прошлом году в конкурсах Армейских международных игр приняли участие 6000 военнослужащих из 39 стран мира. На этот раз конкурсы проходили на территории 10 государств. Казахстан принял три кон-



курса: «Мастера артиллерийского огня», «Соколиная охота» и «Уверенный прием». Во всех трех конкурсах, проходивших на территории полигона «Гвардейский» (Жамбылская область), казахстанские экипажи заняли почетное первое место. По итогам всех конкурсов (Казахстан участво-

вал в 16 конкурсах) команда ВС РК заняла общекомандное третье место, уступив армиям Китая и России.

Конкурс «Мастера артиллерийского огня» стал одним из самых масштабных соревнований игр. Заслуженную победу праздновали казахстанские военнослужа-

щие, показавшие самую меткую стрельбу и скорость. Отдельные награды получили военнослужащие, проявившие наибольший профессионализм. Кроме того, высокую выучку продемонстрировали казахстанские связисты и пилоты беспилотных летательных аппаратов.



АрМИ-2020

Планируется, что очередные Армейские международные игры пройдут с 23 августа по 5 сентября. Запланировано проведение 31 конкурса, один из которых (конкурс «Полевая кухня») впервые пройдет в Шри-Ланке.

Казахстан воздержится от участия в Армейских международных играх в 2020 году и ограничится только «Танковым биатлоном». Такое решение принято руководством Министерства обороны ввиду эпидемиологической ситуации, складывающейся в Казахстане и принимающих странах.

В настоящее время Вооруженные Силы Казахстана выполняют задачи по оказанию помощи населению в борьбе с коронавирусной инфекцией, проходит плановый призыв граждан на срочную воинскую службу. Решение обусловлено также экономией средств на организацию и проведение международного мероприятия.

Необходимо отметить, что военнослужащие усердно готовились к предстоящим соревнованиям. Отбор проводился в воинских частях, на уровне региональных командований, родов и видов войск.

В феврале 2020 года к подготовке к конкурсу «Танковый биатлон» приступили восемь танковых экипажей. К настоящему

времени на базе учебного центра «Матыбулак» к конкурсу готовятся пять экипажей (для выступления в соревновании необходимо четыре экипажа).

Каждый день экипажи танков оттачивают свое мастерство для того, чтобы сформировать сборную страны и представить ее на международном уровне. Главные требования, предъявляемые к участникам отбора: знание материальной части, выучка, профессионализм и высокий уровень физической подготовки.

«Танковый биатлон» – один из основных конкурсов Армейских международных игр, так как с 2013 года данное соревнование проводилось как самостоятельное.

Особую роль в подготовке танкистов сыграла пандемия коронавируса. Запланированный перерыв между первым и вторым этапами отбора танкистам и тренировочному штабу пришлось проводить на полигоне, так как карантинный период ограничил передвижение по стране. Однако все с пониманием отнеслись к этой ситуации и продолжали профессионально выполнять свои обязанности.

С целью профилактики заражения коронавирусом участники отбора к конкурсу «Танковый биатлон» тренируются

отдельно от других военнослужащих. Соблюдаются все меры предосторожности. Ведется полный санитарный контроль за их здоровьем.

В ходе участия в «Танковом биатлоне» в рамках АрМИ-2020 будут соблюдены строгие международные санитарно-эпидемиологические нормы: двухнедельный карантин, дважды будет произведена сдача ПЦР-тестирования на коронавирус.

Армейские международные игры – это не просто соревнования, а особая форма боевой подготовки, международные учения с армиями разных стран мира, когда в соревновательном формате в различных условиях и обстановке военнослужащие повышают свое профессиональное мастерство, осваивают разнообразное вооружение и военную технику, демонстрируют уровень подготовки армии и обмениваются опытом. Кроме того, участие в масштабных международных соревнованиях служит хорошей мотивацией для военнослужащих в повышении личной профессиональной выучки.

Нариман ДЮСЕНОВ

В материале использованы архивные фото

АЛАШ АСПАНЫНЫҢ АЙБЫНЫ

Бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның әуе кеңістігін әкімшілік аудандар, аса маңызды мемлекеттік, өнеркәсіптік және әскери объектілер, әскерлер орналасқан аудандар бойынша әуеден соққы беруден қорғайтын Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріне 28 жыл толды.

1992 жылдың 19 маусымында Қорғаныс министрінің директивасы негізінде Қазақстанда Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері құрылды.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері – бұл бейбіт және соғыс уақытында әуе шекарасын күзету бойынша тапсырмаларды орындайтын ҚР Қарулы Күштері әскер тектерінің бірі. Әскери қызметшілер әрқашан күзетуде және кез келген уақытта қанатты зымырандар немесе ұшу аппараттары болсын, әуеден берілетін соққыны тойтаруға дайын.

Қазіргі уақытта бөлімнің қару-жарағында жаңғыртудан өткен, әртүрлі шарттарда және жағдайларда әуеден шабуылдау құралдарының кез келген биіктіктер мен шептерден берген соққыларын тойтаруға қабілетті әртүрлі радиуста әрекет ететін С-200 және С-300 зениттік зымыран кешендері бар.

Зениттік зымыран кешендері құрамына бірнеше үлкен машиналар кіреді, ал аспанда бағдарлауға арнайы радиолокациялық станциялар мен түрлі антенналар көмектеседі. Әуе кеңістігін командалық пунктке мұқият қадағалайды. Қауіпті жағдайда тиісті сигналдар беріледі, сол

бойынша зымырандар өрістетіліп, ұрыс жағдайына келтіріледі.

– Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері өзіне тиісті қарым-қатынасты талап ететін және ұдайы қызмет көрсетуді қажет ететін өте күрделі радиоэлектрондық техникамен қаруланған. Осыған байланысты аталған бөлімде ақпараттық технологиялар (IT) саласында математикалық

қабілеттері мен білімі бар инженерлер, байланысшылар, энергетиктер қызмет атқарады, өйткені нысанаға дейін есептеу жүргізу үшін тиісті шешім қабылдау және зымыранды ұшыруды жүзеге асыру үшін қысқа уақыт беріледі, – дейді Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері әскери бөлімінің командирі полковник Янис Илиади.





Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері ҚР Қарулы Күштерінің басқа әскер тектері мен түрлеріне қарағанда ұдайы әзірлікте тұрады және Қазақстанның әуе шептерін күзету бойынша кезекшілік атқарады. Жеке құрамның ауысымы 24 сағатқа созылады. Әскери қызметшілер арнайы қару-жарақ пен әскери техникада кезекшілік атқарады. Кезекшілік аяқталғаннан кейін демалыс беріледі, бірақ демалыс қажет болған жағдайда олардың жұмыс орнына қысқа мерзімде келе алуын ескере отырып беріледі. Әскери бөлімде



сержантар мен қатардағы жауынгерлер құрамының лауазымдарында келісімшарт бойынша әскери қызметшілер, сондай-ақ Қазақстанның түрлі облыстарынан шақырылған мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер қызмет атқарады.

Қарулы Күштерде барлық әскери қызметшілер, азаматтық қызметкерлер үшін белгіленген қызмет уақытының регламенті бар, оны біз бәріміз сақтаймыз. Жауынгерлік кезекшілікте және тәуліктік нарядта қызмет өткеру әскери қызметшілер арасында біркелкі бөлінеді. Сонымен қатар, әскери қызметшілерге жыл сайын бекітілген кестеге сәйкес ақылы демалыс беріледі, бұдан басқа Қорғаныс министрлігінің қолбасшылығы әскери қызметшілерге әлеуметтік жеңілдіктер қарастырған. "Атап айтқанда, ҚР ҚК есебінен санаториялық-курорттық емделу негізгі демалыс есебінен жүзеге асырылмайды, тұрғын үйді жалға алу және сатып



алу үшін төленетін ай сайынғы төлемдер де бар", - деп атап өтті бөлім командирі.

Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлеріндегі қызмет жинақылыққа, өзіне деген сенімділікке міндеттейді, тез дұрыс шешім қабылдай білуге дағдылануға мүмкіндік береді.

Ашық ақпарат көздерден алынған дерек бойынша, С-300 зениттік зымыран кешені әуе шабуылына қарсы қорғаныстың ұтқыр және көпарналы жүйесі болып табылады. Ол нысаналардың кең ауқымын зақымдауға қабілетті, бір уақытта 6 нысананы атқылау мүмкіндігі бар және секундына 30-дан 1200 метрге дейінгі жылдамдықпен ұшатын нысандарды зақымдауды қамтамасыз етеді. Бұл кешен Қазақстанның әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері қаруланған қазіргі заманғы техника буынына жатады.

Меруерт САФАЕВА

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ АСТАНА



Бүгінде Сарыарқаның төсінде көзартарлықтай боп бой тіккен бас қаламызға қазақстандықтар ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінен келгендер де тамсана қарап, сүйсінуде.

Ал осыдан бірнеше ғасырлар бұрын бұл жер қандай еді?! Осыдан мыңдаған жылдар бұрын Есіл өзенінің сол жағалауында орын тепкен Қыпшақ сұлтанының әскери ставкасы жаңа ғасырда жаңарып, бой түзеген беделді бас орда болады деп кім ойлаған?!

Біздей ұрпаққа бұл Боз-оқ қаласының үйіндісін ашып, зерттеу жұмысын жүйелі жүргізілуімен жеткен тарихи мәлімет еді.

АҚМОЛА БЕКІНІСІ

Иә, тарихи зерттеулерге сүйенсек, сол кезеңде Ресей империясы отарындағы алыс мекендерін бақылайтын осындай әскери қамалдарды тұрғызып, Ақмола уездік қалашығын әскерилікке сай қорған еткен.

Басында қала емес, жай ғана қорған болған. Осы маңда қоныстанған қазақтар жылдың қай мезгілі болса да Қараөткелдің таяздау жерімен жылқы, түйе малын пайдаланып, жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп-қонып жүреді екен.

Өзеннің осы тұстағы арнасын жабатын қара түсті құмнан Қараөткел пайда болған. Ал одан Нұра өзеніне қарай он сегіз шақырым жерді жұрт Ақмола деп атапты. Бұл маңда кезінде Аңырақай, Қалмаққырған мен Қарақұмда 1710-1729 жылдары болған жоңғар соғысында қыпшақтың 92 руының әскерін басқарған Тілеулі батырдың ұрпағы, Абылай ханның

беделді кеңесшілерінің бірі Нияз би жерленіпті. Кейін осы Нияз би кесенесінің айналасына Ақмола бекінісін салу туралы шешім қабылданғанда 1830 жылдың 28 мамырында құрылысқа Петропавлдан құрамында екі жүз адамы бар Ф.Шубиннің тобы бірінші болып шатыр тігіпті.

Осы бір ғана зиратпен әйгілі болған жерге болашақ Ақмола бекінісі аймағының әкімшілік орталығының тұрғызылатын орнын ақылдасу үшін жергілікті рулардың ақсақалдары жиналып, сонда ақсақалдар Шубинге Есілдің екі жағалауының да тұрғындарына ыңғайлы болу үшін Қараөткелде көпір салуды ұсыныпты. Офицер айтылған кеңеске құлақ түріп, 1830 жылдың 18 маусымында ақсақалдардың қол қоюымен құжат жасалып, сол бойынша Ақмола атауы өзгеріссіз қалып, бекініс салу басталыпты.

Міне, содан кейін бұл аймақта дала қорғаны құрылысының дүмпуімен 1832 жылдың 22 тамызында ресми түрде Ақмола

бұйрығымен ішкі округ ашылады. Бас кезінде бұл жерде қорғаныс үшін бірнеше балшықтан, ағаштан жасалған үйлер салынады. Өзеннің жағалауында бірінші қатарда қазыналық ғимараттар мен кеңсе, лазарет пен асхана, ал екінші қатарға әскери тағайындаудағы ғимараттар, яғни, офицерлер үйі, казармалар мен қару-жарақтар қоймалары орналастырылады. Сөйтіп, 1835 жылы округте 71 262 адамнан тұратын он бес болыс пен тоғыз, ағаш үйлі бір орыс поселкесі, ал бес жылдан соң бес мұнаралы көп қырлы формалы қабысқан далалық қорған салынады. Оның төменгі жағы балшықтан оқшашарға лайықтап жасалады. Бүгінде бұл қару еліміздің мұражайында сақтаулы.

Жалпы әскери-стратегиялық жағынан алып қарағанда қорған тамаша қорғалған болып саналады. Оң жағынан – ағып жатқан Есіл, батысы мен солтүстігінде – қамысты батпақ, ал шығысында — созылған сарыдала.



Міне, сол «Қорған» қазіргі Желтоқсан мен Кенесары көшелерінің орнында, ал «Орталық мұнара» Қажымұқан Мұңайтпасов атындағы орталық стадионның орнында болыпты.

ҚОРҒАН ҚАЛАҒА АЙНАЛДЫ

Ақмолаға Ресей мен Шығыстың сауда қатынасының көпірі іспеттес Сібір, Орал, Орта Азия көпестері қоныс аударған соң кішкене ғана қорған біртіндеп қоныстанушылар қаласына айнала бастады. Сөйтіп, Ресей империясының 1862 жылғы 7 мамырындағы шешімімен Ақмола станицасына қала мәртебесі беріледі.

Ал 1868 жылғы Жарлыққа байланысты Ақмола, Көкшетау, Петропавл, Омбы, Атбасар сияқты бес уезден тұратын Ақмола облысы боп құрылып, сол жылдардың талаптарына сай облыстың елтаңбасы бекітіледі.

Мұндағы халық та біртіндеп өсе бастайды. 1869 жылдың өзінде бұл жерде 5122

адам, 1910 жылы 13000-дай тұрғын болса, 1916 жылы облыс тұрғындарының саны бір жарым миллионға жеткен. Жергілікті тұрғындармен қатар, басқа да ұлттардың 228 мыңға жуық өкілі және шамамен 1 миллионға жуық Ресей мен Украинадан қоныс аударушылар да болған.

Біртіндеп қаланың дамуына да қан жүгіреді. Мысалы, сол кездері бой көтерген үйлерді елорданың ескі орталығында көруге болады. Ал білім беру жүйесінде 1898 жылы облыста 3 қалалық, 12 шіркеу мектебі және бірнеше ауыл шаруашылық училищесі болыпты.

(түпнұсқалары шындыққа шығарып береді).

Сол жылдардың санағы көрсеткендей, 1945 жылдың басында он мың ақмолалық әуе қорғанысы мен химия қорғаны дайындығынан өткен. Ал 9172 адамды әскери іске баулыған. Жергілікті әуе қорғанысы штабы құрылып, қорғаныс топтары да дайындалып, ОСОАВИА-

ХИМ және Қызыл Крест тобы да белсенді жұмыс атқарыпты. Осылайша Ақмола қазақстандық әскери бөлімшелердің құрылуында және соғыс жылдарында маңызды рөлге ие болған.

Ал тың жерлерді игеру жылдары Ақмола облысы елдің ең маңызды астықты аймағына, ауылшаруашылығы, машина құрылысы орталығына айналды. 1960 жылғы 26 желтоқсанда тың өлкесін құру туралы Жарлық шығып, 1961 жылы қаланың аты Целиноград болып өзгертіледі. Ресми түрде 1962 жылы бекітілді.

Осы жылдары Қазақстанда тың өлкесін құру, оның астанасын Целиноград қаласы жасау идеясы белең алды. Ресми деректерге сүйенсек, сол кездері қала орталығы мен вокзал ауданындағы көзге ілінер Сталин кезіндегі бірнеше үй мен коммуналқаға айналған көпес үйлерден басқа ғимарат болмаған.

Ең бірінші болып қазіргі Бейбітшілік көшесі, (ол кездегі атауы – Мир) қайта



құрылады. Ескі үйлердің орнына биік жаңа үйлер бой көтере бастайды. Қалада саябақ, сквер мен мәдени орталықтар салынады. Мәселен, Темір жолшылар мәдениет орталығы салынды. Кейін атауы бірнеше рет өзгертіліп, қазір «Жастар театры» деп аталады.

Біртіндеп Целиноград машина жасау, түсті металдарды өңдеу, жеңіл өнеркәсіп, астық өндірісі орталығына айналады. 1960 жылдардың басында қалада институттар ашыла бастайды. Ең бірінші педагогика институты, кейін медициналық институт ашылады. Бастапқыда бейімделген ғимараттарда орналасты. 1963 жылы қалада «Тың игерушілер» сарайы (бүгінгі Астана концерт залы) тұрғызылды. Сыйымдылығы 2355 адамға жоспарланған бұл ғимарат салыстырмалы түрде алғанда Кремльдегі Съездер сарайынан кейінгі екінші орында тұратын. Кейін 1975 жылдың 20 наурызында 1200 көрерменге арналған Жастар сарайы тұрғызылады.

Осылайша, біртіндеп қала танымастай өзгере бастайды.

АҚМОЛА АСТАНА АТАНДЫ

Ел тәуелсіздік алғаннан кейін 1992 жылы

Целиноград қаласы мен облысы қайтадан байырғы атауымен Ақмола атанды. Сөйтіп, ҚР Жоғарғы Кеңесі төралқасының 1992 жылғы 6 шілдедегі «Орал, Целиноград, Шымкент облыстары мен Целиноград қаласының тарихи атауларын қалпына келтіру туралы» қаулысына сәйкес қаланың тарихи атауы қайта қалпына келтіріледі.

Астананы көшіру туралы ойын алғаш рет 1994 жылы 6 шілдеде елдің Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Тұңғыш Президент ортаға салды. Қабылданды.

Астананы ресми көшіру 1997 жылғы 10 желтоқсанда жүзеге асты.

Президенттің 1998 жылғы 6 мамырдағы Жарлығымен Ақмоланың атауы Астана болып өзгертілді. Ал оның халықаралық тұсаукесері 1998 жылғы 10 маусымда өтті.

МӘРТЕБЕЛІ АСТАНА БОЛДЫ

Уақыт өте келе, мәртебесіне сай Астана да әлемдік деңгейде танылды. Мәселен, 1998 жылы ЮНЕСКО шешімі Астана қаласын «Бейбітшілік қаласы» деген атауға сай деп танып, медальмен марапаттады. Бразилияда өткен дүниежүзілік байқауда әлем бойынша 12 жас қаланың ішінен Астана жоғары атақты иеленді. Астана-

дағы терең әрі кең көлемді өзгерістер әлемдік ұйымдар назарынан тыс қалмады. 1999 жылдың шілде айында елордамыз ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығына ие болды. 2003 жылы әлемдік «Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігі қаламыздың кредиттік рейтингісін Ba3-тен (тұрақты) Ba1-ге (оң) дейін, бірден екі деңгейге көтерді.

Бүгінде елордамызды Мәскеу, Минск, Киев, Кишинев, Ташкент, Рига, Тбилиси, Баку, Каир, Исламабад, Берлин, Будапешт, Варшава, Вильнюс, Анкара, Гданьск (Польша), Ушак (Түркия), Бангкок (Таиланд), Сеул (Корея Республикасы), Амман (Иорданиялық Хашимит Корольдігі) секілді әлемнің жиырма қаласымен достық және бауырластық қарым-қатынастар тығыз байланыстырады.

2000 жылдан бастап Қазақстан елордасы Астана Мәскеу, Минск, Бішкек және тағы да басқа ЕурАзЭЖ-тің ірі қалалары мүшелік ететін, әлеуметтік және іскерлік қатынас саласында беделді ұйым болып саналатын астаналар мен ірі қалалар халықаралық Ассамблеясына (ХҚА) мүше болды.

Осылайша ел астанасы саяси, экономикалық-іскерлік қарым-қатынастар мен рухани келісімнің негізгі ордасына ай-



налды. Алғашқы жылдары қаламызға келген қонақтарымыз да осыған көз жеткізді. Мәселен, 2001 жылы Астанаға келген Рим папасы Иоанн Павел II ұшақтан түскен бойда: «Мен ұлтаралық бейбітшілікке жол ашқан осы жерді үлкен толғаныспен сүйіп отырмын», - деп өз қуанышын жеткізген еді. Ал бір жылдан соң Астанаға табан тіреген БҰҰ-ның Бас хатшысы Кофи Аннан Қазақстанның жаңа елордасын көріп, оның өсу деңгейіне таңғалғаны бар.

Аз да болса, азығы мол, жемісі көп осы жылдар ішінде Астана беделі мен қуаты асқан, әлемге өз үлесін қосқан жасампаз қалаға айналды. Жылдар жылжыған сайын жоғары жетістіктерге жетіп, әлемдік қауымдастықты таңғалдырды. Бұл ретте, ең шоқтығы биік, әлемдік деңгейдегі алқалы жиын – 2010 жылғы ЕҚЫҰ-ға мүше елдердің Астана саммиті, одан кейінгі Азиаданы айтуға болады. Бұдан кейінгі 2012 жылы елордамыз күллі түркі дүниесінің мәдени астанасы мәртебесін абыроймен алып шыққанын атамай кете алмаймыз.

Жыл сайын еселенген кейінгі шараның ішінде ел әскерінің әлеуетін танытып, Қарулы Күштеріміздің қауқарын паш еткен әскери шерулерді, халықаралық әскери көрмелерді және бірегей шараларды да айта кеткеніміз абзал.





Мұнан өзге, әлемге 2017 жылғы ЭКСПО көрмесі, жаһанды жарастырған Астана саммиті елордамызды келісімнің, ынтымақтастықтың орталығы ретінде танытты.

ЕЛБАСЫНЫҢ ҚҰРМЕТІНЕ АТАЛДЫ

Жиырма бес жыл ішінде Ақмола Астанаға, Астана басты ордаға айналды. Мұның бәріне Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясаты мен жасампаз істерінің арқасында

жеткеніміз хақ. Содан да болар, Елбасы десе елорда, елорда десе Елбасының есімі қоса айтылып, ел санасында ажырамас ұғымға айналды. Мұны 2019 жылдың 20 наурызында Парламенттің қос палатасының бірлескен отырысында Қазақстан халқына ант беру рәсімінде Қасым-Жомарт Тоқаев тілге тиек етті.

«Жаңа елордамыздың бой көтеруіне Тұңғыш Президентіміздің сіңірген еңбегі ерекше. Астананың құрылысы Елбасының тарихи ерлігі саналады. Бас қаламыз Тәуелсіз еліміздің шынайы бет-бейнесіне,

халқымыздың мақтанышына айналды. Елорда жаңа мемлекеттің идеологиясы ретінде киелі ұғымға ие болды» дей келе ол: «Елбасының саяси мұрасын жадымыздан шығармай, қадір тұтып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тарихи еңбегіне лайықты құрмет көрсетуіміз қажет. Елбасының халқымызға және әлемдік қоғамдастыққа сіңірген ерен еңбегі мен ұлы есімін мәңгі есте сақтауымыз керек» деп, өзінің бірқатар ұсынысын ортаға салды.

«Біздің елордамыз оның есімін иеленіп, Нұрсұлтан аталуы тиіс. Мұндай ұсыныс



парламентшілер тарапынан Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне орай 2016 жылы 23 қарашада қабылданған Декларацияда айтылған болатын, деді.

Сол күні Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ант беру рәсімінде айтқан Астана қаласын «Нұр-Сұлтан» деп өзгерту жөніндегі ұсынысын Парламент палаталары да көпке созбай бірден қарады. Ата Заңға сай Үкімет Астананың атауын өзгерту туралы түзету енгізу үшін республикалық референдум өткізу туралы Қазақстан Президентіне ұсыныс жасады. Президент

оны референдумға шығармай, Парламент қарауына жіберу туралы бірден шешім қабылдады. Мұны Конституциялық Кеңес қолдады. Ұсынылған түзетулерді Президент әкімшілігі басшысының орынбасары да құптады. Қос палаталы Парламенттің депутаттары да Заң жобасын қарап, бірауыздан мақұлдады.

Ал, 23 наурыз күні (2019 жылы) ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың атауын ауыстыру туралы Жарлыққа қол қойды. Сөйтіп Қазақстан Республикасының астанасының атауы рес-

ми түрде Нұр-Сұлтан қаласы деп өзгертілді.

Міне, осылайша жиырмадан астам жылда көпті тоғыстырған басты орда бүгінде Нұр-Сұлтан қаласына айналды. Бағаналы басты ордамыз – Нұр-Сұлтанның келешегі кемел болсын деген ниет бар. Елді игілікке бастаған елордамыздың еңсесі биік, тұғыры берік, болашағы жарқын болатынына кәміл сенімдіміз.

Рима ӘБЕУОВА

БЕРКУТ: «ХОЧУ, ЧТОБЫ МОИ СЫНОВЬЯ ОТСЛУЖИЛИ В АРМИИ»



Известный казахстанский певец и музыкант Беркут (Айбек Жансеитов) – один из тех немногих артистов на отечественной эстраде, кто лично держал в руках автомат, стрелял и ел солдатскую кашу в армейской столовой. Он не раз признавался, что армейская служба навсегда оставила след в его жизни. По его словам, отслужив в армии, он стал мудрее. Именно в армии Беркут сделал свои первые шаги в музыке

Беркут, насколько известно, Вы проходили срочную воинскую службу. Расскажите, пожалуйста, об этом опыте.

- Мне в какой-то мере повезло. Я проходил военную службу в период с 1995 по 1999 годы и попал в последний призыв, когда солдаты-срочники проходили службу полтора года. После нашего призыва срок службы был увеличен до двух лет. Изначально служил в Республиканской Гвардии, а затем был переведен в Боровое. Там во время службы попал в эстрадную группу «Нурсат» под руководством на тот момент подполковника Мурата Раисова, и к концу срока службы наша группа уже гастролировала с выступлениями по многим городам страны. Мне даже повезло быть одним из солистов этой группы. Мы выступали на разных площадках. К примеру, завоевали гран-при в конкурсе, проходившем в Кокшетауской области. Но, к

большому сожалению, не смогли приехать в Алматы на конкурс «Жас Қанат».

Безусловно, армейская служба идет на пользу. В то время, когда я служил, было весьма непросто, однако я доволен, что мне удалось пройти эту школу. Служба закаляет характер и учит терпеть. Армия позволяет тебе познать настоящую дружбу, которую можно пронести через годы. И когда служба завершается, трудно сдерживать эмоции, прощаясь с боевыми товарищами и офицерами, с которыми провел так много дней.

Армия по-настоящему меняет человека. Хочу, чтобы мои дети также прошли эту школу, отслужили в армии для полного понимания настоящей жизни. Приходя туда, молодой человек еще, скажем так, «зеленый». Его всему учат, и концу службы человек становится мудрым и умеющим приспособиваться, быть самостоятельным. Армия порождает множество разных историй и

связывает судьбы. Для того, чтобы в полной мере понять это, надо побывать там.

- Была ли в Вашей жизни мечта стать военнослужащим и построить военную карьеру?

- Вы попали в точку, так как все детство я мечтал стать военным. Я хотел быть похожим на отца, подполковника в отставке, вышедшего на пенсию 30 лет назад. Проходя срочную службу, были мысли остаться и продолжить служить, но товарищи и офицеры говорили: «У тебя есть талант и нужно идти своим путем». И я, скрепя сердцем, вернулся домой и начал полноценно заниматься музыкой. Все же, благодаря тому, что я прошел армейскую школу жизни, мне довольно быстро удается находить общий язык с военными.

- Какое место в Вашем творчестве занимают патриотизм и любовь к Родине?

- Знаете, меня смело можно назвать патриотом своей страны. В моем репертуаре



есть две песни, музыку к которым я сочинил сам. Первая песня называется «Туған жер». Вторая – «Мекенім - Қазақстан». Обе песни получились весьма удачными и отразили всю полноту чувств к Родине. И я этим горжусь. Думаю, что в музыкальном репертуаре каждого артиста должна быть хотя бы одна песня о своей стране.

- Как был выбран Ваш творческий псевдоним? Можно ли связать его с беркутом как одним из символов Казахстана?

- Безусловно. Его мы придумали еще в далеком 2002 году с моим экс-продюсером Евгением Жагалтаевым. Этот псевдоним связан с беркутом как с вольной и благородной степной птицей, черты характера которой я стараюсь усвоить. Как и беркут, я стараюсь быть справедливым, честным и ни от кого не зависеть.

- В этом году 75-ая годовщина Великой Победы. Были ли в семье люди, защищавшие Родину на фронтах войны? И чем для Вас является этот праздник?

- Для меня - это священный праздник. Защищать родные земли – на фронт ушел брат моего отца. Служили также дедушки, которые, к сожалению, ушли из жизни. Для меня всегда важно помнить тех, кто отдал свои жизни во имя спасения Родины. Думаю, что каждый должен ценить ту свободу, которую они нам подарили.

- Был ли у Вас опыт участия в военно-патриотических проектах?

- Я не раз выступал на подобных мероприятиях. Всегда с большой радостью соглашаюсь принять участие в военно-патриотических концертах. Я сам прошел через срочную службу и могу понять чувства солдат, которые скучают по маме



и по дому. Для них становится большим сюрпризом, когда перед ними выходят выступать певцы, которых они видят по телевизору. Это поднимает настроение. А нам вдвойне приятно выступать на мероприятиях такого рода.

- Хотели бы поучаствовать в военно-патриотических проектах как певец, актер или продюсер?

- Конечно, хотел бы принять участие в таких проектах. Насколько вы знаете, у меня есть компания «Отан фильм», которая занимается производством отечественного кино. На сегодняшний день мы уже сделали три проекта. Третий фильм носит название «Суперагенты». Этот фильм выполнен в комедийном жанре. Весной мы отправили письмо в МВД, хотим снять полнометражный фильм об отечественных полицейских, среди которых

немало реальных героев, пожертвовавших своими жизнями во имя спасения других. Мне безумно хочется воплотить эту идею посредством полнометражного художественного кино. Такого рода проекты существенно повышают патриотическое настроение среди молодежи и, несомненно, многие из них захотят пойти служить в армию и полицию.

На западе много фильмов о людях различных непростых профессий, таких, как полицейские или врачи. Посмотрев их, люди понимают, что эти профессии имеют свои трудности и тонкости, о которых они и не догадывались. Воплощая свою задумку, мы будем учитывать все детали профессии. Мы хотим привлечь зрителя, чтобы он заинтересовался судьбами героев нашей повседневной жизни.

Беседовал Нариман ДЮСЕНОВ

СОҒЫС – ӨЛІМ МЕН ӨМІРДІҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛ КӨПІР



Алматыда жасақталған 316-шы атқыштар дивизиясының құрамында майданға аттанып, батальон, полк командирі, кейін гвардиялық дивизияны басқарған Бауыржан Момышұлы 1941 жылы 27 рет шабуылға бастап шықты. Бес мәрте қоршауды бұзып, аман-есен дивизиясына қосылды. Тоғыз рет асқан ерлік үлгісін көрсетті. Даңқты қолбасшының өз сөзімен айтсақ, ол 22 жасынан бері әскер қатарындағы адамның бірі. Төрт-бес жылғы өмірі қан майдан шебінде өтті. Ол кеңес офицері болған жоқ. Қатарда да, майданда да алдыңғы шепте жүргендердің біреуі болды. Қайда жүрсе де, солдаттармен араласып жүріп, олардың тобының ішінде болуға тырысты. Қызметті жай қатардағы (рядовой) жауынгерден бастап 15 мың басы (командир дивизии) болу дәрежесіне дейін жетті. Солдаттарға сабақ та берді, олардан өзі сабақ та алды.

МӘСКЕУ ҮШІН ШАЙҚАСТА 207 МӘРТЕ ҰРЫСҚА КІРДІ

Генерал-майор И.В.Панфилов басқарған дивизияның құрамына Бауыржан Момышұлы 1941 жылы қыркүйек айында қосылып, екінші дүниежүзілік соғыстың тарихындағы маңызы зор оқиға – Мәскеу қорғанысы үшін шайқаста 207 мәрте ұрысқа кірді.

1941 жылы қазан айының 8-і күні гитлерлік насихаттың министрі доктор Геббельс «Кеңес мемлекетінің астанасын иеленуге аз-ақ қалғаны және көп ұзамай Кремль мұнарасынан Ұлы Германияның тулары желбірейтіні» туралы хабарды Берлин радиосынан таратуға асықты. Себебі неміс басқыншылары Париж, Вена, Прага, Осло қалаларынан соң Мәскеуді де тез арада басып алуды көздеді. Мәскеу жан-жақты

қорғанысқа кірісті. 1941 жылы қарашаның 16-18 күндері жасалған вермахтың Мәскеуге екінші мәрте шабуылында Бауыржан Момышұлының батальоны Матронино селосының маңында неміс әскерін үш күнге іркілтті. Ұрыс даласында байланыс үзілгенде, комбат шегінудің нақты жоспарын жасады. Батальонның бетін барлап жүретін он бес адамды взвод-взводқа бөліп, бірінің ізін бірі басып жылжуды ұйғарды. Батальонның алдындағы барлаушыларды аға лейтенант Рахимов пен саяси жетекші Мұхаметқұл Сіләмқұлов басқарды. Жаудың көзіне түсіп қалмас үшін күндіз тоқтап, түнде қалың қарға малтыға жүріп, екі күннен соң панфиловшылардың 1075-ші полкінің бірінші батальоны орналасқан Новлянск пен Ивановск деревняларының тұсына жетті. Қарашаның 26-30 аралығында да капитан Момышұлы Соколово

деревнясының маңында төрт тәулік бойы неміс басқыншылары шабуылының бетін қайтарды. Жараланғанына қарамастан, омыртқасына тиген оқты алдыртып, қатарға қайта қосылды. 1942 жылдың қаңтар-ақпан айларында 8-ші гвардиялық дивизияның Бауыржан Момышұлы басқарған полк жауынгерлері батысқа қарай 500-600 шақырым алға шықты. «Орталық» армия тобының дала штабындағы жоспарына сәйкес, Кеңес Одағының бас қаласы тірі адам шыға алмайтындай түгелдеу қоршауға алынып, ақыр соңында жермен-жексен болуы тиіс еді. Бұл операция жасырын түрде «Тайфун» деп аталды. Шайқастың шешуші кезеңіне он күн қалғанда жаудың армиясы 200 шақырымға дейін кері шегінді. 1942-ші жылдың ақпан айының соңында немістің Бас штабының бастығы Гальдер вермахтың 112 мың солдаттының түрлі деңгейде үсікке



шатынғанын, бұдан әрі идеал үшін емес, тек тірі қалу үшін ғана соғысатынын мәлім етті.

1944 жылы Дубровка деревнясының түбіндегі ұрыста Бауыржан Момышұлы ауыр жараланды. Наурыз айына дейін госпитальде жатып, Бас Штабтың Әскери Академиясының жанындағы офицерлердің біліктілігін арттыру курстарын бітіріп шығады. 1945 жылдың 21 қаңтарынан бастап Бауыржан Момышұлы 2-ші Балтық жағалауы майданының 6-шы гвардиялық армиясының 2-ші атқыштар полкінің 9-шы гвардиялық атқыштар дивизиясын басқарып, ақпан-наурыз айларындағы сұрапыл арпалыста Приекуле станциясының солтүстік-батыс жағында орналасқан неміс әскерінің үш бекінісін бұзды. 207 мәрте болған ұрыста қатаң талапшылдығымен қайталанбас көзсіз ерлік жасады. Кейін өз естелігінде: «Орысша айтқанда, партия, правительство, главное командование маған өте сеніп, қан майданда қарамағыма 18 мың ерлердің тағдырын тапсырды. Солардың мен командирі болдым. Обалы не керек, өз-өзімді аяған жоқпын. Қарамағымдағыларды да аяған жоқпын. Қартайғанда ойлап отырсам, жастық қызушылыққа ерікті көбірек беріп жіберген екенмін. Из-за моей глупости жүздеген жауынгерлер құрбан болды. Соны жаңа ғана түсініп отырмын» деп жазды.

«МЕН СОҒЫС ТУРАЛЫ ЖАЗАМЫН, БІРАҚ СОҒЫСҚА ҚАРСЫМЫН»


«Соғысқа барған жүз қазақтың жетпіс-сексені қайтқан жоқ, себебі маған айқын – әскери тәжірибе, әскери тәрбиенің дағдылану нашарлығы. Біздің кеңес өкіметі кезінде мұғалімдер, докторлар, агрономдар, соттар, тағы басқалар шықты, ал әскери соғыс мәселесі – осы уақытқа дейін ескерусіз, еленбей келе жатқан бір бағыт. Мен соларды майданда көрдім, талдап тексердім, өксіп жыладым, зарландым, қорландым». Осылай деген Бауыржан Момышұлы әскери педагогика мен әскери психологияны терең меңгерді. Соғыс майданында бас-аяғы 37 дәптердің бетіне түсірілген терең ойлардың тұжырымдар жасады. 1969 жылы 2 қарашада Қазақ Совет энциклопедиясының бас редакторы, профессор М.Қаратаевқа жазған хатында: «Әскери ғылым адамзат тарихында үш дәуірге бөлінеді: а) Мануфактурный период ведения войны; б) Машинный период



ведения войны; в) Термоядерный период войны. Ұрыс-соғыста адамға тән барлық жоғарғы және төменгі қасиеттер барынша ашылып көрінеді. Жоғарғы сезімдер: парыз, адамгершілік, ерлік, батырлық, қаһармандық, адалдық, т.б. Ал төменгі сезімдер: опасыздық, ұждансыздық, үрей, қорқыныш, шошу, т.б.» дейді. Ол өзі қатысқан, қолбасшылық еткен соғыс жүргізудің машиналық дәуірінде ең алдымен соғыс жүргізудің бұрын-соңды болмаған жаңа техникалық құралдарды пайдалану, оны жете меңгеру, майданда шеберлікпен қолдану үшін әскери ғылым салаларын жетік білудің шарты қойылды. Бауыржан Момышұлы халықтық қуаттың ұлы емтиханы – соғыстан өтіп, армия уставына өзгеріс енгізді. Соғыс стратегиясы мен тактикасы саласында жаңалық әкелді. Соғыс философиясы мен психологиясын тереңнен қозғауына академияда алған білімі де мейлінше жетілдірді. Бұған дәлел ретінде мына бір естелігін келтіруге болады: «Академияда шығыс халқынан мен-ақ оқыдым. Бітіргеннен кейін маған шығыстың он бес одақтық республикасынан орын табылмады, тимеді. Мені Азияға жолатпады. Шығыстан менен кейін он бес-жиырма жылдың ішінде мен оқыған академияға еш адам түсе қоймады. Ол ашулы, зарлы, рас». Дарынды тұлғаның соғыс өнерін көп жылдар зерттеп жүрген Ким Серікбаев өз мақаласында шайқас эпизодтары А.Бектің «Волокаламск күрежолы» («Волокаламское шоссе») мен

Б.Момышұлының «Артымызда Мәскеу» («За нами Москва») жақсы сипатталған. Атаулы дереккөздердегі мағлұматтарды мұқият зерттей келе, сондай-ақ, әскери құжаттарға (батальонның жұмыс карталары мен әскери қимылдардың сызбалық жоспарлары) терең талдау жасау арқылы «Бауыржан шиыршығы» («Бауыржановская спираль». 1995 г.) атты термин енгізуіме себепкер болды. Бұл ұғымның негізі Б.Момышұлының батальоны қоршауды бұзып шығып, әскери қуаты басым күштерден шегініп отырып соғыс жүргізуімен тікелей байланысты. Батальон бас-көзсіз қашпаған, шегіне отырып ормандар мен төбелерді пайдаланып, жау колонналарына шиыршық сипатты тұтқиыл шабуылдар жасайды» деген дәйек келтіреді. Рас, даңқты жауынгердің соғыс теориясы туралы «Соғыс психологиясы» – әлемдік әскери еншісіне қосылған теңдессіз еңбектің бірі. Шынайы патриотизмнің қазынасына айналған Бауыржан Момышұлының соғыс өнерін дамытуға қосқан үлесі орасан. Өзі жайында әсіреленген әңгіме болғанда: «Көпке, меніңше, пайдам аз тиді. Көптің қорынан, халық қазынасынан мен мол пайда алдым. Мені адам етіп, атымды шығарған көпшілік. Мені кейбіреулер ұялмай-қызармай «батыр» дейді. Шынында мен батыр емеспін. Біреуден жығылып, біреуді жығып жүргендердің бірімін. Мені жаратқан көпшілік – жауынгерлер қоғамы» дейтін.

ПОМОЧЬ ВЕРНУТЬСЯ ДОМОЙ



В истории нашего народа есть памятный день, уходящий своими глубокими корнями в май 1945 года. В этот день потомки благодарят тех, кто ценой собственных жизней подарил всем этот великий день – День Победы. На борьбу с врагом были мобилизованы миллионы советских граждан, в том числе и наших соотечественников (около 15 000 000 человек). Однако, к огромному сожалению, вернуться домой было суждено далеко не всем (600 тысяч погибших и пропавших без вести). И даже спустя 75 лет после окончания войны родные и близкие солдат хранят надежду на то, что их отцы, деды, прадеды все же вернутся на родную землю

Общественное объединение «Atamnyn Amanaty», основанное в мае 2019 года является единственной организацией в стране, занимающейся поиском казахстанских солдат, пропавших без вести во время Второй мировой войны, помогая в поиске их родных, близких и предавая останки героев родной земле. За первый год работы были установлены места захоронений около 400 человек.

- На сегодняшний день подано около 2500 тысяч заявок на поиски солдат из Казахстана, – рассказывает заместитель председателя правления общественного объединения «Atamnyn Amanaty» Райгуль Мушанова.

Она также отмечает, что изначально данное общественное объединение принимало заявки исключительно от граждан Казахстана, однако на сегодняшний день

заявки по поиску пропавших родных принимаются как из стран СНГ, так и дальнего зарубежья.

- Истории бывают разные. За время работы организации география нашей работы существенно расширилась. Бывает так, что люди, живущие в странах дальнего зарубежья, присылают нам заявки, так как их дед или прадед жил в Казахстане и призвался именно отсюда, – поясняет Райгуль Мушанова.

Сегодня благодаря высоким технологиям процент успешности в таком роде работы, как поиск людей, существенно повышается. Кроме того, ежегодно обновляется и оцифровывается база центральных архивов России, Украины и Беларуси. Так, накануне празднования 75-летия Победы Центральный архив Министерства обороны Российской Федерации оцифровал

и выложил в открытый доступ около 13 миллионов документов.

- Работа в Интернете позволяет нам принимать заявки онлайн-режиме и продолжать поиск. В заявку включен определенный список вопросов, исходя из ответов, на которые мы формируем биографию человека и передаем ее поисковикам, после чего они начинают свою работу. Они работают с родственниками пропавших солдат, устанавливая родство. Не раз бывали случаи, когда поисковики находили нужную информацию о пропавших на войне родственниках, однако потомки по незнанию отказывались верить в подлинность данной информации только потому, что в архивных документах им было незнакомо лишь одно имя. Однако затем после консультации с родственниками старшего поколения выяснялось, что установлен



ное родство оказывалось подлинным, - говорит Райгуль Мушанова.

Для более плодотворной работы «Atamny Amanaty» заключило меморандум о сотрудничестве с крупнейшей поисковой организацией РФ «Общероссийским общественным движением по увековечению памяти погибших при защите Отечества «Поисковое движение России», объединяющей все поисковые отряды страны, а также заключен меморандум с Всеукраинской общественной организацией «Союз «Народная память» - поисковой организацией Украины.

- Благодаря сети Интернет к нам на помощь приходят поисковики из разных стран, например, Германии и Польши, -



рассказывает Райгуль Мирзаяновна. - На платформе Facebook существуют две наши страницы, куда заходят поисковики разных стран. Первая страница, где размещаются новости нашего объединения, называется «Atamnyn Amanaty». На второй странице под названием «Долгая дорога домой» мы размещаем нашу работу по поиску пропавших солдат. Зайдя на страницу, наши иностранные коллеги могут ознакомиться с различными деталями жизни пропавшего человека (непосредственная информация о нем, которую смогли предоставить его родные: полевая почта, различные письма,

фото и т.д.) и подключиться к поиску, - поясняет Райгуль Мушанова.

Наша собеседница уверена: чтобы стать поисковиком, необходимо только внутреннее желание человека.

- Поисковиком может стать любой человек, кому равнодушна тема войны. Ваша профессия не имеет значения. В нашем объединении есть и учителя, и врачи. Безусловно, опыт поисковой работы приветствуется, - говорит заместитель председателя правления «Atamnyn Amanaty», добавляя, что в соответствии с заключенным меморандумом с поисковым движением

России в скором времени планируется обучение желающих полевым и архивным поисковым работам.

Члены общественного объединения «Atamnyn Amanaty» совместно с волонтерами создали единую базу карточек военнопленных, погибших в годы войны. За прошедший со дня основания организации год было установлено определенное количество родственников этих солдат.

Помимо поиска пропавших во время Великой Отечественной войны солдат и офицеров из Казахстана и установки памятных обелисков на месте их захоронений одной



из целей организации является духовное и патриотическое воспитание современного общества. С этой целью общественным объединением «Atamnyn Amanaty» был запущен ряд проектов, направленных на сохранение памяти о ветеранах ВОВ, а также тех, кто отдал свои жизни во имя Победы и мира в нашей стране. Одним из проектов стал всеказахстанский челлендж, запущенный общественным объединением «Atamnyn Amanaty» совместно с НАО «КИОР «Рухани Жанғыру» и РОО «ЕДЮО «Жас Ұлан». Данный проект под названием «Atamnyn Amanaty», стартовал 20 апреля. Его суть заключается в том, что

каждый желающий может снять короткий видеоролик (2-3 минуты), на протяжении которого будут зачитаны фронтовые письма их предков. Также видеоролик может быть посвящен истории своей родной семьи, которую каждый желающий может рассказать.

Еще одним проектом, который направлен на укрепление духовно-нравственного воспитания, стал совместный проект «Atamnyn Amanaty» и РОО «ЕДЮО «Жас Ұлан» - «Өткенге хат» (письмо в прошлое). В данном казахстанском конкурсе принимали участие школьники разных классов со всей страны, которые написали около 2

тысяч писем своим дедам и прадедам, воевавшим на той страшной войне. В своих письмах они рассказывали, как мы живем сейчас и что нам дала эта победа.

- Каждое письмо было по-своему оригинальным, и выбрать победителей было очень трудно. Но все же жюри выбрало 40 человек, которых мы планировали пригласить в Нур-Султан и вручить им сертификаты и памятные подарки. Однако, в связи со сложившимися обстоятельствами, мероприятие не состоялось. Тем не менее, победители со всех концов страны получили заслуженные призы, - говорит Райгуль Мушанова.



В планах общественного объединения «Atamnyn Amanaty» - проведение двух общекзахстанских мероприятий: интеллектуальной игры «Риск» и специального квеста.

- Данный квест задуман для того, чтобы современная казахстанская молодежь более точно знала факты из истории войны. Для этого государственные служащие из каждого региона должны разработать

специальный игровой квест, связанный с военной историей их края, жителями, призванными из их области и так далее. Мы хотим, чтобы именно через такие игры современная молодежь сохранила память о героическом подвиге наших предков, - говорит Райгуль Мирзаяновна.

Стоит отметить, что общественное объединение «Atamnyn Amanaty» активно сотрудничает с оборонным ведомством

нашей страны. К примеру, силами военной авиации были доставлены останки двух воинов, погибших на фронтах Великой Отечественной. Министерство обороны оказывает существенную помощь в архивной поисковой работе как в стране, так за ее пределами.

Нариман ДЮСЕНОВ

САЙТЫ

СЕРВИСНОЕ ОБСЛУЖИВАНИЕ

ВНЕДРЕНИЕ ERP РЕШЕНИЙ

ПОИСКОВЫЕ РЕШЕНИЯ

ГИС

ЗАКАЗНАЯ РАЗРАБОТКА




ЛИЧНЫЕ КАБИНЕТЫ

МОБИЛЬНЫЕ ПРИЛОЖЕНИЯ

УПРАВЛЕНИЕ АКТИВАМИ

ПОРТАЛЫ



*Қуатты армия –
Ел тірегі*

2020

АЙБЫН

Республиканский «военно-
аналитический» журнал